

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым
саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Ақтөбе облысының білім
саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті

**«Ақтөбе облысы білім басқармасының Табантал аудандық білім бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің «Табантал орта мектебі» коммуналдық
мемлекеттік мекемесін
өзін-өзі бағалауының
ҚОРЫТЫНДЫСЫ**

Ақтөбе облысы
2023 жыл

**«Ақтөбе облысы білім басқармасының Хромтау аудындық білім бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің «Табантал орта мектебі» коммуналдық
мемлекеттік мекемесінің
өзін-өзі бағалауының қорытынды
АНЫҚТАМАСЫ**

Бақылау түрі: өзін-өзі бағалау.

Өзін-өзі бағалау жүргізуге негіз: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2021 жылғы 3 тамыздағы № 634 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында мемлекеттік аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нұсқаулық», "Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпандағы № 124 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 26 шілдедегі № 366 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 26 шілдедегі бұйрығы. Ақтөбе облысының білім басқармасы Хромтау ауданының білім бөлімінің 28.11.2022 жылғы №872хаты.

Өзін-өзі бағалау комиссиясының құрамы:

1. Калиев А.С.-(мектеп директоры)- комиссия төрағасы
2. Адилгереева Л.А.-(оқу ісі меңгерушісі)-комиссия мүшесі
3. Карасаева С.С.-(директордың тәрбие жөніндегі орынбасары) -комиссия мүшесі
4. Тулегенова Г.Т.-(кәсіподақ төрайымы) -комиссия мүшесі
5. Ешпанова З.С.-(физика-информатика пәнінің мұғалімі) -комиссия мүшесі

Өзін-өзі бағалау барысында төмендегі мәселелер тексеріліп сарапталды, олар:

- 1) білім беру ұйымдарының мақсаты, міндеттері мен құндылықтары;
- 2) оқу және оқыту;
- 3) білікті қызметкерлердің болуы;
- 4) қолжетімді білім беру үшін жағдай жасау;
- 5) білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- 6) тиімді оқытуға ықпал ететін материалдық-техникалық база.

«Табантал орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне жалпы сипаттама.

Білім беру мекемесінің толық атауы: «Ақтөбе облысы білім басқармасының Хромтау аудындық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Табантал орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

- БСН 9704440002992 заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәлігі 2014 жылдың 20 қарашасында берілген. Алғашқы мемлекеттік тіркелген күні 1997 жыл 29 сәуір.

Заңды мекен-жайы: 031118, Қазақстан Республикасы Ақтөбе облысы Хромтау ауданы

Табантал ауылы, Табантал ауылы №12А Электрондық почта: tabantal-mektep@mail.ru,

Инстраграмм tabantal.orta.mektebi, Мектеп сайты: [http:// tabantal.edu.kz/](http://tabantal.edu.kz/)

- Телефон, факс: 8 (71359) 42-9-20.
- Мектептің техникалық паспорты 2013 жылы 7 қазанда жасалған. Сериясы –А, қабат саны-2, құрылыс ауданы-1964,8, ғимараттың ауқымы-10661, жалпы алаң-2372,1, салынған жылы-1970жыл (көшірме қосымша ұсынылады).
- «Табантал орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Жарғысы Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігінде 17.01.2021 жылы тіркеліп, Ақтөбе облысының әкімдігінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы №490 қаулысымен бекітілген (көшірме қосымша ұсынылады);
- «Табантал орта мектебі» КММ–нің басқару органы -«Ақтөбе облысының білім басқармасы»; Құрылтайшысы-«Ақтөбе облысының әкімдігі».
- Ақтөбе облысы Хромтау ауданы Табантал селолық округі әкімінің 2013 жылғы 15 тамыздағы № 32 шешімі негізінде тұрақты жер пайдалану құқығын беретін актісі

(жер учаскесінің алаңы – 2,0877 га) кадастрлық номері: **02-034-017-197** (көшірме қосымша ұсынылады).

- Мектептің білім беру қызметі ҚР «Білім туралы» заңына, ҚР бастауыш, негізгі және жалпы орта білім берудің нормативті құжаттарына, ҚР БЖҒМ нұсқаулық хаттары мен бұйрықтарына, ҚР орта жалпы білім берудің бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдары қызметінің типтік Ережелеріне, Мектеп Жарғысына сәйкес жүзеге асырылуда.
- Жалпы негізгі білім беру қызметімен айналысуға құқық беретін мемлекеттік лицензия: 25 ақпан 2021 жылғы №KZ69LAA00024858, мерзімі– шектелмеген (көшірме қосымша ұсынылады).
- Мектептің қаржы-экономикалық жағы Аудандық білім бөлімінде орталықтандырылған. Мекеменің ағымдағы шоты, мөрі бар.
- «Табантал орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Мектепшілік тәртіп ережелері «Білім туралы» Заң, Жарғы және басқа да азаматтық қатынастарды реттейтін нормативті құқықтық құжаттар негізінде құрылған.

Мектеп директоры Калиев Аскар Садвакасович 1994жылы 11шілдеде Хромтау аудандық білім бөлімінің №218/1 бұйрығымен Табантал орта мектебінің басшысы қызметіне тағайындалды. .

Мектеп Мемлекеттік аттестаттаудан 2014 жылы өтті. «ҚР Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті Ақтөбе облысының Білім саласындағы бақылау департаменті» мемлекеттік мекемесінің 5 қараша 2014 жылғы №420-нқ бұйрығымен «аттестатталды».

Мектепте 2020-2025 жылдарға арналған білім беруді дамытудың бағдарламасы жоспарланған.

Бағдарламаның іске асыру 3 кезеңнен тұрады:

1 кезең (2020-2021оқу жылы.):

Дайындық-ұйымдастыру жұмысы.Бағдарламаны талдау және ақпараттандыруды ұйымдастыру. Педагогикалық ұжымға шығару.Мұғалімдерді дайындау.

2 кезең (2021 – 2023ж.ж.):

Бағдарламаны әдістемелік жағынан қамтамасыз ету. Бағдарлама бөлімдеріне сәйкес шағын шығармашылық топ қызметін жоспарлау, үйлестіру.Бағдарлама мақсаты негізінде комплексті түрде жүйелі жұмыс жүргізу.Негізгі кезең болғандықтан қажетті ресурстармен қамтамасыз ету.

3 кезең (2023-2025оқу жылы.):

Бағдарламаның жүзеге асырылуына қорытынды жасау кезеңі. Сараптама жасау, түрлі нәтижелерді талдау, тарату, педагогикалық кеңесте жариялау.

Мектептің өзекті мәселесі үш жылға арналған. **Өзекті мәселе:**«Жаңа педагогикалық технологияларды пайдалана арқылы оқушылардың шығармашылық қабілетін көтеру , саналы тәрбие,білім беру».

Мектептің өзекті мәселесі бойынша алға қойылған міндеттері:

- ✓ ҚР жалпыға білім беру стандарттарына сәйкес білім беру бағдарламаларын оқушыларға меңгерту;
- ✓ Жеке оқушылардың шығармашылық,рухани және мәдени, сауықтыру және спорттық мүмкіндіктерін дамыту;
- ✓ Отандық және жахандық мәдениеттің жетістіктеріне баулу,қазақ халқы мен басқа да халықтарының тарихи әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеу,мемлекеттік тілді және үш тілді саясатты меңгерту;
- ✓ Оқушыларға жан-жақты еңбек пен жахандық деңгейлердегі қойылатын талаптарға сай сапалы білім беру;
- ✓ Салауатты өмір ұстанымдарын дамыту,интеллектуалдық және шығармашылық қабілеттерінің дамуына жағдай жасау;
- ✓ Оқушыларды ұлтжандылыққа,елжандылыққа,ұлттық тәрбие негізінде тәрбиелеу.

Істер номенклатурасы:1. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің міндетін атқарушының 2017 жылғы 29 қыркүйектегі № 263 бұйрығымен бекітілген «Сақтау мерзімдерін көрсете отырып, мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдар қызметінде жасалатын үлгілік құжаттар тізбесі» (Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2020 жылғы 06 қазандағы № 271 бұйрығымен өзгерістер енгізілді)

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығымен бекітілген **«Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарының»;**

Білім мекемесінің іс қағаздары:

01-Басшылық және бақылау

02-Оқу ісі меңгерушісі

03-Тәрбие жөніндегі орынбасары

04-Психолог жұмысы

05-Әлеуметтік педагог жұмысы

06-Тәлімгер жұмысы

07-Кітапхана жұмысы

08- Медициналық кабинеті

09- Шаруашылық бөлімі

10 - Кәсіподақ комитеті.

Өзін-өзі бағалау кезінде номенклатураға құжаттар реті номенклатураға сәйкес жүргізілген, құжаттар реті номенклатураға сәйкес.

«Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі ҚР Заңының 5-бабының 34-1 тармақшасы негізінде «Педагог мәртебесі туралы» 2019 жылғы 27 желтоқсандағы ҚР Заңының 5-бабы 3-тармағына және 16-бабының 1-тармағына сәйкес ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы «Педагогикалық әдеп қағидаларын бекіту туралы» №190 бұйрығын орындау мақсатында және «Хромтау аудандық білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ-нің 2020 жылы 15 маусымындағы №719 хатын негізге ала отырып мектепте педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес құрамы мектеп директорының 2020 жылы 01 қыркүйектегі №42 бұйрығымен 3 жылға құрылды. Кеңес құрамы хатшыны есептемегенде 7 адамнан тұрады.

Өзін-өзі бағалау тексеру парағы:

1) Білім беру ұйымының жылдық жұмыс жоспарының болуы және МЖМБС талаптарында айқындалған жалпы орта білім берудің базалық құндылықтарына, мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестігі (бағаланатын кезеңге жылдық жұмыс жоспарларының көшірмелері қоса беріледі);

Мектептегі оқу-тәрбие жұмысын басқару және ұйымдастыру оқу жылдарына арналған **жұмыс жоспарларымен** анықталған. Жұмыс жоспарлары тамыз айындағы педагогикалық кеңестерде талданып, бекітілген.

Мақсаты:

- Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту үшін жағдай жасау;
- Жеке тұлғаны қалыптастыру үшін мектептің педагогика- психологиялық кеңістігінде баланың шығармашылық және интеллектуалдық потенциалының дамуына ықпал жасау;
- Жеке тұлғаға бағытталған мектептің оқу- тәрбие үрдісінде жаңа технологиялар мен әдістерді бейімдеу және енгізу;
- Баланы жан-жақты мәдениетті, қазақ халық педагогикасы қағидаларына бағыттап, алдыңғы қатарлы жеке тұлға ретінде тәрбиелеу;
- Ақпараттандыру құралдарын кеңінен қолдану.

Міндеттері:

- Жеке тұлғаның қабілетін, мүмкіндігін және қызығушылығын ескере отырып толық , сапалы білім алуға жағдай жасау;
- Оқушының бойында адамгершілік, Отансүйгіштік, ұлтжандылық, өзін- өзі қадірлей алатын, өзіне талап қоя алатын қасиеттерге және салауатты өмір сүруге тәрбиелеу;
- Шығармашылық еңбек ететін мұғалімдермен тәжірибе алмасу үшін шығармашылық топтар, пән лабораториясын ұйымдастыру;
- Оқу- тәрбие үрдісіндегі диагностика мен мониторинг жүйесін жетілдіру;
- Оқушылардың жалпы мәдениеттілік бағытын күшейту;
- Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту бойынша шаралар жүйесін анықтау.

2) Білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің болуы және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген) бастауыш, негізгі

орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – ЖББҮОЖ) және МЖМБС талаптарына сәйкестігі. Бағалаланатын кезеңге жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің көшірмелері қоса беріледі;

2022-2023 оқу жылында жұмыс оқу жоспары тексерілді.

- 2022-2023 оқу жылында ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына (ҚР Оқу ағарту министрінің 2022 ж 30.09. №412 бұйрығы) енгізілген өзгертулер **8-қосымша 1-4** сыныптар үшін; **13-қосымша 5-9** сыныптар үшін; **18-қосымша 10-11** сынып үшін негізге алынды. ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 (119-қосымша) бұйрығымен бекітілген негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (2019 жылғы 15 мамырдағы №205 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген **1-қосымша** қоғамдық-гуманитарлық бағыт)

- **Үйден оқыту1) 5-сыныпта үйден оқытудағы білім беру процесі төмендегі нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асырылады:** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (2020 жылғы 5 мамыр №182 өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығымен(**55 қосымша**) өзгерістер мен толықтырулар енгізілген

3) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8424 болып тіркелген) жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына (бұдан әрі – ЖББ үлгілік оқу бағдарламалары) сәйкес жүзеге асырылатын инвариантты компонент пәндерінің базалық мазмұнын игеру;

2022-2023 оқу жылында 1-4 - сыныптар жаңартылған білім беру жүйесі бойынша білім алды және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары (2018 жылғы 10 мамырдағы № 199 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) оқу бағдарламаларымен оқытылды.

5 - 9 –сыныптар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары (2017 жылғы 25 қазандағы № 545 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) бағдарламамен оқытылды.

10-11-сыныптар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 7 наурыздағы № 105 бұйрығына оқу бағдарламаларымен оқытылды.

4) білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру (бағаланатын кезеңге тәрбие жұмысы жоспарының көшірмесі қоса беріледі);

Табантал орта мектебінде тәрбие жұмысы Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 -2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу – тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілінде құралды. Тәрбие жұмыстар барлық ынталы тараптар: отбасы,білім беру ұйымдары , қоғамның кең ауқымда кешенді түрде жүзеге асырылады. Тәрбие жұмысы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсанындағы № 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы басшылыққа алынып жасалды.

«Құндылықтарға негізделген білім беру» бағдарламасын жүзеге асыру арқылы оқытудың құндылықты-бағдарлық тәсілі енгізілді. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Ақтөбе облыстық білім басқармасының № 252 бұйрығы негізінде «Рухани жаңғыру» бағдарламасы, 2016 ж 26 сәуір «Мәңгілік Ел» патриоттық актісі де басшылыққа алынды.

Бұл бағдарламалар білім алушылардың бойында жалпыадамзаттық, ұлттық және отбасылық құндылықтарды дамытуға, олардың рухани-адамгершілік дамуын қамтамасыз етуге, экологиялық мәдениетін, салауатты және қауіпсіз өмір салтын қалыптастыруға бағытталған.

Тәрбие жүйесінде басшылыққа алынатын құжаттар

1. Тәрбие жұмысы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсанындағы № 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы басшылыққа алынып жасалды. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығы негізінде ,

Қазақстан Республикасының заңдары

- 1.Қазақстан Республикасының Конституциясы (1995ж)
- 2.Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы (2007ж)
- 3.Қазақстан Республикасының «Дене шынықтыру және спорт» жайлы заңы (02.12.1999ж)
- 4.Қазақстан Республикасының «Мейрам күндері» жайлы (2001ж)
- 5.Қазақстан Республикасының «Бала құқығы туралы» заңы (2002ж)
- 7.Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі (10 - бап)
- 8.Қазақстан Республикасының «Тіл туралы заңы» (1997ж)
- 9.Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (925,926,927,1124 - баптар)
- 10.Қазақстан Республикасының Еңбекпен түзету кодексі (96 - бап)
- 11.Қазақстан Республикасының «Еңбек туралы» (172,177 - баптар)
- 12.Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық жайлы кодексі (12,154 - баптар)
- 13.Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік жастар саясаты» туралы
- 14.Қазақстан Республикасының азаматтардың денсаулығын қорғау туралы(1998)
- 15.Қазақстан Республикасының «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың
16. Қазақстан Республикасы «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер» заңы
17. Қазақстан Республикасының «Темекі тартуды алдын-алу және шектеу туралы» заңы (2002 ж.10 шілде)
- 18.АҚТБ/ЖҚТБ – ның алдын алу жайлы декларация (2001ж)
19. Балалар мен жасөспірімдердің суицидтік мінез-құлықтарының алдын алу бойынша 2019 жылға дейінгі жол картасы;
20. Қазақстан Республикасының 04.12.2009 жылғы “Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы” заңы;
21. “Бала еңбегін қанауға қарсы 12 күн” Ұлттық ақпараттық науқаны;
22. “Қауіпсіз мектеп” республикалық акциясы
23. Қазақстан Республикасының 04.07.2013 жылғы № 127 “Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне адам саудасына қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңы.

Табантал орта мектебінің тәрбие жүйесінің құрылымы:

- тақырыбы;
- тәрбие жұмысының мақсаты;
- тәрбие жұмысының міндеттері;
- күтілетін нәтижелер;
- тәрбие жұмысын ұйымдастыру.

Тәрбие жұмысының мақсаты:

Мақсаты: Ұлттық рухы биік, адамгершілігі жоғары, салауатты өмір салтын ұстанатын, елінің өткенін құрмет тұтып, ертеңіне өз үлесін қосуды парызым деп білетін жан-жақты білімді, қабілетті, жаңашыл тұлға қалыптастыру. Жас жеткіншектердің бойында азаматтық пен Қазақстандық патриотизмді және «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясын өмірінде жүзеге асыру ұмтылысын қалыптастыру, мемлекеттік рәмізін құрметтеуге, халық дәстүрлерін дәріптеуге тәрбиелеу.

Тәрбиенің жұмысының міндеттері:

- ✓ ҚР мектеп оқушыларының патриоттық тәрбие беру тұжырымдамасын пайдалану, азаматтық- патриоттық сананы қалыптастыру, рухани-адамгершілік қасиеттерді жетілдіру, этикалық принциптерді ұстана отырып қазақстандық қоғамның нормалары мен дәстүрлеріне қайшы келмеу;
- ✓ тұлғаның адами және ұлттық құндылықтарды ұстана отырып, қазақ халқының тілін, дәстүрлерін мойындауға, ұстануға жетелеу, полимәдениетті тұлғаны қалыптастыру мен толерантылықты нығайту, Қазақстан Республикасында өмір сүретін түрлі этностар мен этно топтардың тілін, мәдениетін құрметтеуге үйрету;
- ✓ отбасылық құндылықтарды кеңінен насихаттау, ата-аналардың психологиялық, педагогикалық білімін жетілдіру, ата-ананың баланың тұлға ретінде қалыптасуына, тәрбиесіне жауаптылығын сезіндіру;
- ✓ еңбек дағдысын қалыптастыру, тұлғаның экономикалық ойлау дағдысын ұштап, болашақ мамандығын таңдауда жол ашу, экологиялық мәдениетті дамыту, ұжымдық қарым-қатынастың ережесін біліп, өмірде қолдану;
- ✓ мектепте көпмәдениетті ортаны қалыптастыруға ықпал ету, ортақ мәдениет дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнердегі және өмірдегі эстетикалық нысандарды қабылдауға, игеруге, бағалауға дайын болуын қамтамсыз ету;
- ✓ дене тәрбиесіне жіті назар аударып, салауатты өмір салтын ұстану дағдыларын қалыптастыруға ыңғайланған кеңістік орнатып, оқушыны өзінің физикалық және психологиялық денсаулығына нұқсан келтіретін факторларды анықтай білуге үйрету.

Күтілетін нәтижесі :

- ✓ азаматтық-патриоттық сана-сезімі жоғары;
- ✓ рухани-адамгершілік қасиеттері дамыған;
- ✓ отбасылық құндылықтарды ұстанатын;
- ✓ құқықтық санасы нығайып қалыптасқан;
- ✓ салауатты өмір салтын ұстанатын;
- ✓ Қазақстан Республикасының әлеуметтік, экономикалық және саяси өміріне белсене қатысатын, халқымыздың бай өмір тәжірибесі негізінде тәрбиеленген, ұлттық менталитетімізді бойына сіңірген ХХІ ғасырдың жеке тұлғасы тәрбиеленеді.

Тәрбиенің мақсаттары мен тәрбие жұмысының міндеттері білім беру процесінде, сабақтан тыс және бос уақытта іске асырылады.

ТӘРБИЕНІҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ.

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар тұтас педагогикалық процестің өзегі бола отыра, тәрбие жұмысының барлық бағыттары арқылы өтеді.

Тәрбие жұмысын іске асыру тиімділігінің өлшеуіші ретінде тұлғаның қоршаған әлемге, қандай да бір құндылықтарға және қоғамдық құбылыстарға қарым-қатынастардан байқалатын критерийлер ұсынылды.

Бірінші бағыт – Қазақстандық патриотизм және азаматтық , құқықтық тәрбие

Мақсаты: Отанға ұтымды және эмоционалдық қарым-қатынасы, мемлекет пен қоғамның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңсыздыққа қарсы тұратын, балалар мен жастар ортасында қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұруға дайын заңдарын меңгеру және сақтау қажеттілігі бар патриот пен азаматтық қалыптастыру. *«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Отаным - тағдырым», «Атамекен» бағдарламаларындағы бағытқа лайық іс-шаралар өткізу.*

«1 қыркүйек – Білім күні» мерекесіне арналған мектепте «Кел, балалар, оқылық!» тақырыбында 1 сынып оқушыларына арналып өткізілді. Биылғы оқу жылында санитарлық талаптарға сай, 1-сынып оқушылары мектеп табалдырығын аттады. Мерекелік салтанатты жиын сағат 09.00-де басталды. Жиынымыз Қазақстан Республикасының Гимнімен ашылды. Мектеп директоры А.С. Калиев құттықтау сөз сөйлеп, бүлдіршіндерді бүгінгі мерекелерімен құттықтап, жиын қонақтарымен бірге 1 сынып оқушыларына Алаштың көрнекті қайраткері, ағартушы-ғалым, ұлт ұстазы, әліппенің атасы Ахмет

Байтұрсынұлының тұңғыш «Әліппе» оқулығын тапсырды. Директордың оқу және тәрбие жөніндегі орынбасарлары мектеп оқушыларын, ата-аналарды және ұстаздарды жаңа оқу жылының басталуымен құттықтап жылы лебіздерін білдірді. 2-11 сыныптарда «Тәуелсіздік жетістіктері» атты тәрбие сағаттары өткізілді. Сынып сағаттарында сынып жетекшілері Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 30 жыл аясында «Тәуелсіздік жетістіктері» атты маңызды оқиғаларға шолу жасап, Тәуелсіздік – бабалар аңсауы, ұрпақтың қолы жеткен киелі кезең екенін, Тәуелсіздік – таңбасы таста, қаны қара жердің тамырында жатқан құдіретті сөз екенін айтып өтті. «Адал ұрпақ» еріктілер клубы құрылып, белсенді жұмыстар атқарылуда. Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азамат және ұлт патриотын, бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыру үшін балалар мен жастарды өз елін, жерін сүйуге тәрбиелеу, саяси және құқықтық санасын, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін, қоғамдағы қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұру даярлығын қалыптастыру мақсатында бірқатар іс – шаралар жүргізілді. Балалардың сабаққа қатысуын бақылау мақсатында қыркүйек айында сабақтан жиі қалған балалар анықталып, отбасылық жағдайымен танысу ұйымдастырылды.

Бірінші тоқсан бойынша «Бүгінгі күннің патриоты» «Мен ҚР-ның азаматымын», «Қылмыс пен жаза» атты тәрбие сағаттарын 1-9 сынып тәрбиешілері айлық жоспарларына сай түгел өткізді. ІІБ-ның кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі учаскелік инспекторы, полиция капитанының қатысуымен ұлдар және қыздар арасында жиналыс өткізілді. Жиналыста оқушыларға өз құқығы мен міндеттері және мектеп-интернатының заңына бағынуын ескертті. Сонымен қатар суицидтің алдын алу мақсатында 5-9 сынып оқушыларымен бірқатар әңгімелер жүргізіліп тұрды. Қыркүйек айында жоспарға сай бастауыш сынып оқушылары арасында «Жолда жүру ережелерін сақтаймыз!» атты айлық өткізілді.

Төмендегідей тақырыпта ашық сабақтар өткізілді:

«Жол ережесін білейік, аман есен жүрейік!» тақырыбында Қожабергенова В.Т.

«Жол жүру ережелерін сақтаймын» тақырыбында Куламанова М.Т.

«Жол ережесін сақтайық» тақырыбында Дүйсенова А.М.

«Жолда жүру білесің бе? Балақай» тақырыбында Калиева Г.Т.

Тәрбие сағаты өз мәнінде өтіп, оқушылар өздеріне керек көптеген мәліметтер алды.

Аздаған кемшіліктер жеке айтылып, талқыланды.

Нәтиже: 1-11 сынып оқушыларының патриоттық және құқықтық тақырып бойынша іс-шараларға оқушылар ретінде де, ұйымдастырушылар ретінде де қатысуы артты; мектептің ішкі тәртіп ережелері мен жарғысын бұзу санын азайды; оқушылардың кешігуі мен сабақты себепсіз жіберуі азайды; есепте оқушылар саны жоқ; құқық бұзушылық пен қылмыс жасаған оқушылардың болмауы.

Екінші бағыт – Рухани-адамгершілік тәрбие

Мақсаты: "Рухани жаңғыру" құндылық негіздерін тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық қағидаларын, оның моральдық қасиеттерімен ұстанымдарын қайта жаңғырту туралы терең түсінігін қалыптастыру, қазақстандық қоғам өмірінің жалпыадамзаттық құндылықтарымен, нормаларымен дәстүрлерімен келісіледі. *«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Рухани қазына» шағын бағдарламасына сәйкес іс-шаралар қарастырылуы керек.*

Алдымыздағы бүлдіршіндердің ел намысын қорғап азамат, жеке дара тұлға болып қалыптасуы тікелей бізге яғни педагогтарға байланысты екені анық. Оқушылардың адамгершілік қасиеттерін дамыту бағытында арнайы тәрбиелік жұмыстар жүргізіліп жатыр. Рухани-адамгершілік және этика – эстетикалық ұстанымдарын, моральдық қасиеттерін және көзқарастарын қалыптастыру мақсатында: «Адам болам десеніз», «Әдептілік әдемілік», «Сыйласа білейік» атты тәрбие сағаттарын 1-9 сынып жетекшілері өткізді.

Тіл мерекесіне орай қоғамдық-гуманитарлық бірлестігімен бірге «Тіл ғұмыры-ұлт ғұмыры» атты сыныптан тыс шаралар ұйымдастырылды. Барлық сынып оқушылары белсенді қатысып, үздік деп танылған оқушылар марапатталды.

Ұстаздар күніне орай мектебімізде «Ұстаз-ұлы тұлға» атты мерекелік іс-шара өткізілді. Мерекелік іс-шара барысында кішкентай бүлдіршіндер ұстаздарға арналған өлең шумақтарын айтып, би билеп, ән шырқап өз өнерлерін көрсетті. Сонымен қатар 5-8 сынып оқушылары Ұстаздар күніне арналған газеттер шығарып, ұстаздар қауымын мерекелерімен құттықтап жылы лебіздерін білдірді. Жас ұлан және жас қыран ұйымының балалары зейнеткер ұстаздарға барып, жылы лебіздерін білдіріп, ескерткішке сыйлық берді.

Үшінші бағыт – Ұлттық тәрбие Мақсаты: Жеке тұлғаны жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағыттау, ана мен мемлекеттік тілге, қазақ халқының мәдениетіне, Қазақстан Республикасының этностары мен этностық топтарына құрмет көрсету. «*Рухани жаңғыру*» бағдарламасы аясында «Өлкетану», «Тәрбие және білім», «*Рухани Қазына*». Ұлттық тәрбие шеңберінде құндылықтар жүйесін қалыптастыру мақсатында жаңа оқу жылында гуманистік және тәрбиелік құндылықтар тұрғысынан ұмытылған, бірақ цифрлық әлемнің жаңа дәуірімен үндес дәстүрлерді жаңғыртуға бағытталған «Дәстүр мен ғұрып» жобасы арқылы іске асырылды. Ұлттық тәрбие шеңберінде құндылықтар жүйесін қалыптастыру мақсатында «Қазақстанның 100 жаңа тұлғалары» жобасының жеңімпаздары туралы зерттеу жұмыстары, тәрбие сағаттары өткізілді. «Шебер қолдар» үйірме тәрбиеленушілері «Тәуелсіздік күніне арналған» сурет көрмесі, 9- сынып оқушылары «Ұлы дала Елінің даңқты тарихы мен дәстүрлері» тақырыбында саяхат-ойын ашық тәрбие сағаты, 8- сынып оқушылары «Қасиетті-Түркістан», «Балалар және театр» үйірмесінің жетекшісі Асқарқызы Г. «Театр тәрбие ошағы», «Дебат қозғалысы» жобасы аясында «Жас талап» дебат клубы «Бүгінгі заманның құндылығы неде?», «Сөз бостандығына шектеу керек па?», тақырыбында 9-10 сынып оқушылары арасында пікір-сайыстар өткізілді. 10- сынып оқушылары «Діни экстремизм және терроризм» ақпараттық сағат, Наурыз мерекесіне орай «*Рухани жаңғыру*» бағдарламасы аясында 7-8 сынып оқушылары арасында «Қыздарға әсемдік жарасады» атты байқауы өткізілді. «Ата жолы ақ бата» тақырыбында 5 сынып оқушыларымен бата айту сайысын өткізді. Сайыстың мақсаты оқушыларға қазақ халқының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрпының тәрбиелік мәнін ұғындыру; баланың бойына адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру, халық өнегесін үйрету; ата-аналармен тығыз байланыс жасау арқылы ортақ тәрбиеге жұмылдыру.

Төртінші бағыт - Отбасы тәрбиесі

Мақсаты: Ата-аналарға білім беру, олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін және балаларды тәрбиелеу жауапкершілігін арттыру. «*Рухани жаңғыру*» бағдарламасы аясында «Отбасы әлемі» жобасы. Мектеп жұмысының негізгі бағыттарының бірі - Отбасылық тәрбие. Мектептегі отбасылық тәрбиенің мақсаты келесі құндылықтарды қалыптастыру болып табылады: неке құндылығы және отбасы мүшелерін құрметтеу; толыққанды отбасын құру үшін денсаулық құндылығы; рухани байлық; туыстары мен жақындарына деген адалдық сезімі; отбасылық дәстүрлер; мұралар мен салт-дәстүрлерді ұқыпты қарау; ана құдыреті; сүйіспеншілік, адалдық, достық – құндылық сезімдері. Сынып жетекшілер ата-аналар жиналыстарын «психологиялық тренинг», «тәжірибе алмасу», «Педконсилиум» сияқты түрлі форматта өткізіледі. Жалпыадамзаттық құндылықтардың мәнін ашу мақсатында Отбасы күнін мерекелеу аясында «Отбасы-бақыт мекені!» атты іс-шаралар өткізілді. 7-8 сынып оқушылары арасында «Менің сүйікті отбасым!», «Мен отбасымды мақтан етемін» видеоролик байқауы. Бастауыш сынып оқушылары арасында «Бақытты отбасы» шығарма, «Отбасым-асыл қазынам» асфальтқа сурет салу байқаулары ұйымдастырылды. Сынып жетекшілер «Атадан-өсиет, анадан-қасиет» зияткерлік ойындарын, Өзін-өзі басқару ұйымы «Алтын жүрек» челленджін өткізді.

Нәтиже: ата-аналар жиналысына ата-аналарды көбірек тартылуы; іс-шаралар мен мектептен тыс іс-шараларды ұйымдастыруда ата-ана-еріктілер санының артуы.

Бесінші бағыт – Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие

Мақсаты: Кәсіби өзін-өзі анықтауға саналы көзқарасты қалыптастыру, экономикалық ойлауды және тұлғаның экологиялық мәдениетін дамыту. «*Рухани жаңғыру*» бағдарламасы аясында «Саналы азамат» базалық бағытты қарастыру.

Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие білім алушылардың бойында еңбек ең жоғары құндылық ретінде; шығармашылық еңбек; еңбек мәдениеті; экономикалық сана-

сезім; мамандық; жаһандық экологиялық сана-сезім; экомәдениет құндылығы, экологиялық мәдениет; табиғатқа ерекше құндылық ретіндегі сүйіспеншілік сезімі; туған жерге және кіші Отанға деген сүйіспеншілік сезімі тәрізді құндылықтар қалыптастыруға көмектеседі. «Жер біздің ортақ үйіміз» жобасы шеңберінде «Менің ауылымның болашағы» тәрбие сағаттары, «Мен және экология» презентациялар байқауы, «Менің сүйікті табиғат бұрышым» сурет көрмесі ұйымдастырылды. «Ерте жастан басталатын экологиялық мәдениет» жобасы сынып жетекшілер экологиялық сынып сағаттарын, Мектеп Парламенті «Табиғат сенің өз үйің» науқанын, «Жасыл желең» акциясы байқауын өткізді. Бастауыш сынып оқушыларына «Құстар біздің досымыз», «Мен жануарларды сүйемін» тәрбие сағаттарын өткізді.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай мектепшілік «Алтын күз» атты күзгі көрме ұйымдастырылды. Көрмеге барлық 1-8 сынып оқушылары әр түрлі жұмыстарын қойып, күздің кереметін көрсетуге ат салысты. 1-8 сынып "Күз-молшылық мезгілі" атауына сай көкөніс пен жемістерден әр түрлі бұйымдар жасады. 9-10 сыныптар көрме тақырыбына сай қабырға газеттерін әзірледі. Мектеп ұжымы мен оқушылар көрмені қызыға тамашалап, ерекше әсер алды. Әділқазылар алқасы жасалған бұйымдарды тамашалай келе бағаларын берді. Мектеп директоры А.С. Калиев, директордың ТІЖО С.С. Карасаева және аға тәлімгер Тұрмағанбетова Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай мектепшілік «Табиғаттың сыйлықтары» атты көрмеге белсенді қатысқан сыныптар мен оқушыларды марапаттау қағазымен марапаттап шықты.

Нәтиже: мектеп қоғамдастығы мүшелерінің кемінде 80%-ы ерікті сенбіліктер мен «таза бейсенбілерге» қатысуы, жиын өткізу шеңберінде қайталама шикізатты тапсыру, оқушылардың аудандық, облыстық және республикалық деңгейдегі кәсіптік бағдар беру іс-шараларына қатысуы

Алтыншы бағыт - Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі

Мақсаты: Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық мәдениетті дамытуды қамтамасыз ететін мотивациялық кеңістікті қалыптастыру.

Зияткерлік тәрбие құндылығы білім құндылығын; зияткерлік ұстанымның құндылығын; әрбір тұлғаның көшбасшылық қасиеттері мен дарындылық құндылығын; ал ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу – кибермәдениет мен кибергигиенаны қалыптастырады.

Оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымы «», «Тәуелсіздік шежіресі», «Квест» зияткерлік сайыстар, «Лидер қандай болу керек?», «Лидерге қажетті қасиеттер мен қабілеттер» танымдық ойындар өткізді. Дебат клубы «ОРДА» оқушылардың дебаттық қозғалысы жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасын іске асыру шеңберінде ай сайын дебаттық турнирлер ұйымдастырды.

Осы орайда гуманитарлық пәндері бірлестігінің ұйымдастыруымен ақпан айында ақиық ақын М.Мақатаев шығармашылығына арналған «Мұқағали – мәңгілік ғұмыр» атты кеші жоғары деңгейде өткізілді. Оқушыларымыз ақынның бірнеше өлеңдерін жатқа оқып сынға түсіп, үздік деп танылған оқушыларымыз арнайы жүлделі орындармен марапатталды.

Нәтиже: мектеп қоғамдастығы мүшелерінің кемінде 50% - ы тәрбиелік сипаттағы зияткерлік жобаларға тартылатын болды, олардың кемінде 25% - ы күндізгі байқаулар мен олимпиадаларға, мектеп қоғамдастығы қатысушыларының кемінде 35% - ы мектептік бірлесіп басқаруға тартылатын болды

Жетінші бағыт - Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие

Мақсаты: Жалпы мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, жеке тұлғаның өнер мен шынайылыққа, эстетикалық объектілерді қабылдауға, меңгеруге, бағалауға дайындығын дамыту, білім беру ұйымдарында көпмәдени орта құру.

Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие білім алушыларға эстетикалық сананы; эстетикалық талғам мен сезімді; халықтардың ұлттық мәдениеттерінің құндылықтарына көркемдік-эстетикалық бейімділікті қалыптастыруға көмектеседі. Осы бағытты іске асырудың негізгі өткізілген іс-шаралар: Музейлерге, театрға экскурсиялар, «Адам бойында бәрі де әдемі, сұлу болуға тиіс» байқау «Қош келдің, Жаңа Жыл-2022!» кеші, Алғыс айту күніне арналған «Ақ жүрекпен» көркем жұмыстар көрмесі, 8 наурыз Халықаралық әйелдер күніне орай «Әлем бесігін тербетін жан-АНА» мерекелік бағдарлама, 1 мамыр - Қазақстан халықтарының бірлігі күніне орай «Ынтымағы жарасқан, туған өлкем - Қазақстан» достық фестивалі.

Сегізінші бағыт - Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Мақсаты: Салауатты өмір салты, дене дамуы және психологиялық денсаулық сақтау дағдыларын, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.

Дене тәрбиесі салауатты өмір салтының, дене шынықтыру мен спорттың, дене бітімін жетілдірудің құндылығын, өз денсаулығына жауапкершілікпен қараудың құндылығын қалыптастырады. Қазіргі таңда оқушылардың денсаулығын сақтау, салауатты өмір салтын қалыптастыру күн тәртібінде тұрған өзекті мәселелердің бірі. Дарынды оқушылардың салауатты өмір сүруіне жағдай жасау мектептік денсаулық саясаты – бұл салауатты өмір салты. Жыл бойы дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері Тағыберген Н.Т. және Абдиков Е.Е. спорттық ойындар, эстафеталық жарыстар, жолдастық кездесулер, 7 сәуір –Дүниежүзілік Денсаулық күніне орай «Дені сау ұрпақ-ел болашағы» денсаулық күнін, «Отбасылық эстафеталық ойындар», «Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» қазақтың ұлттық ойындарын ұйымдастырды. Сынып жетекшілер мен мектеп әкімшілігі «Дұрыс тамақтану-үздік білім алудың жолы!», «Мектеп денсаулық ортасы бола ала ма?», «ЖҚТБ-тің алдын алу және оған қарсы күрес» денсаулық сабақтарын, Дүниежүзілік туберкулезбен күрес күніне орай «Ауырмаймын десең...» бюллетень сайысын өткізді.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы қарсаңында мектебімізде денсаулық күніне орай «Спорт – денсаулық кепілі» атты мектепшілік іс-шара өткізілді.

Мақсаты: Жас ұрпаққа адам денсаулығының қымбаттылығын, өмір сүру үшін қажеттілігін, бағалы, басты байлық екендігін ұғындыру, денесін шыңдауға, шымыр да шапсаң, ұқыпты да жинақы, талғампаз да қанағатшыл, таза да әдемі болуға тәрбиелеу.

5-6 сыныптардың қатысуымен өткен іс-шара алаңда бір мезетте басталды. Мерекелік шараның алғашқы ойынын ұзындыққа секіріп бастады. Бүгінгі ойын қатысушылар арасында барлық сақтық шаралары қатаң сақталған. Ойыншылар бір жерде шоғырланбас үшін, бір алаңда ұзындыққа секірсе, келесі алаңда турникке тартылды және 3-ші алаңда жүгіріп, ойындар ұйымдастырылды. Бүгінгі шарамыз Қазақстан Республикасының 30 жылдығына Денсаулық күніне орай ұйымдастырылды. Іс-шараның соңында балаларға педагог-психолог тарапынан би қойылымы қойылды және де флешмоб билетілді. Өскелең ұрпаққа үлгі көрсетуде және мақсатымыз халық арасында спортты, дене шынықтырумен айналысуды насихаттау.

Нәтиже: оқушылар ауруларының санын азайту, оқушылардың кемінде 60% - ы осы бағыт бойынша іс-шараларға белсенді қатысады.

Оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымының тиімділігі

Мектеп Парламенті және «Жас Ұлан» - өскелең ұрпақты жоғары рухани - адамгершілік құндылықтар, демократиялық ұстанымдарға негізделген қазақстандық патриотизм рухында қалыптасқан белсенді өзін-өзі басқару оқушылар ұйымы өз жұмысын атқарып келеді. Бұл ұйымның басқару жүйесін 7-11 сынып оқушылары ұйымдастырады. Әрине, бұл ұйым тәрбие және оқу ісі бойынша атқаратын қызметіне зор көмегін тигізеді. Яғни мектеп ішіндегі мерекелік іс-шараларды ұйымдастыруда, спорттық ойындарды ұйымдастыруда және өткізуде, сондай-ақ оқушыларды түрлі білім сайыстарына тарту және қатыстыруда бір-шама істерді жүзеге асырып жатады. Өзін-өзі басқару ұйымы «Жаңа ұрпақ» дебат, «Қызғалдақ» қыздар клубы және «Адал ұрпақ» еріктілер клубына басшылық жасайды. Өзін-өзі басқару Мектеп Парламенті мен «Жас Ұлан» ұйымының бірлескен жоспарына сәйкес мектепте ұжымдық шығармашылық істер, акциялар, десанттар, ойындар, КВН, дебаттар ұйымдастырылады. Барлық атқарылған істер жеке инстаграм парақшасында жарияланып отырады.

Білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысын жүзеге асыру Осы бөлімде орта білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысын ұйымдастыруды реттейтін нормативтік құқықтық құжаттарды ескере отырып, жаңа оқу жылында тәрбие жұмысын ұйымдастырудың басым бағыттары қарастырылады.

"Өмір қауіпсіздігінің негіздері" міндетті оқу курсы зерделеу барысында 2017-2021 оқу жылы аралықтарында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін мектептерінде оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хатта көрсетілген ерекшеліктердің бірі «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» мен «Жол қозғалысы ережелері» оқу курстары. Соған байланысты

«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұны 1-4-сыныптарда «Дүниетану» оқу курсының аясында жүзеге асырылды. 1-3-сыныптарда жылдық оқу жүктемесі 6 сағат, 4-сыныпта 10 сағат көлемінде бастауыш сынып мұғалімдері жүргізді. 5-9-сыныптарда «Дене шынықтыру» оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен іске асырылды. 10-11-сыныптарда «Алғашқы әскери дайындық» оқу курсының аясында 12 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы жүзеге асырды. Өмір қауіпсіздігінің негіздері бойынша сабақтар міндетті болып табылады және оқу процесі кезінде жүргізілді.

"Жолда жүру ережелері" міндетті оқу курсын іске асыру барысында «Жол қозғалысы ережелері» оқу курсының мазмұны 1-4-сыныптарда әрбір сыныпта 6 сағаттан сынып сағаттары есебінен, 5-8-сыныптарда аталған оқу курсы сыныптан тыс уақыттарда сынып сағаты мен факультатив сабақтар есебінен әрбір сыныпта 10 сағат көлемінде іске асырылды.

5) білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру (бағаланатын кезеңге қосымша сабақтар кестелерінің көшірмелері, сонымен қатар спорттық, шығармашылық және мәдени конкурстарға, жарыстарға, фестивальдар мен байқауларға қатысу нәтижелері қоса беріледі:

2022-2023 оқу жылы бойынша оқушыларымыздың жетістіктерін атап айтатын

болсақ: Аудандық «Мерген ару-2022» байқауында 11 сынып оқушысы Жуматова Д 3 орынға ие болды. Облыстық «Қазақтың Ақбаяны» ән байқауына қатысып, 2-сынып оқушысы Мақсұт Далила марапатталды. «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне-30 жыл» толуына орай спортқа қызығушылықты арттыру мен спорттық ойындарды дамыту мақсатында Хромтау ауданының Ақжар ауылдық «Дене шынықтыру және спорт кешені» ұйымдастыруымен өткізілген кіші футболға белсене қатысқаны үшін Табантал ОМ командасы Алғыс Хатпен марапатталды. Аудан оқушылары арасында жеңіл атлетикадан «Алтын күз» атты аудандық жарыста 500 м қашықтыққа жүлделі ІІ орын 6 сынып оқушысы Абдикова Д, 5-сынып оқушысы Қоспан И. "Бақытты бала - бақытты ел" республикалық байқауы, көркем сөз жанры 6-сынып оқушысы Жұмай Д. І орын Диплом марапатталды

6) білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейінді оқытуды іске асыру (оқытудың тереңдетілген және стандартты деңгейі);

2022-2023 оқу жылында Білім алушылар, ата-аналармен бірге өткізілген отырыс шешіміне сәйкес 10 сынып қоғамдық-гуманитарлық бағытты таңдап алынды. 26.08.2022 жылы қамқоршылық кеңес және ата-аналар комитетімен келісе отырып стандартты және тереңдетілген деңгейдегі таңдау пәндері бойынша, тереңдетілген деңгейден география, дүние жүзі тарихы, стандартты деңгейден химия, физиканы таңдаймыз деп шешім қабылданды. 29.08.2022 жылғы №1 педагогикалық кеңес шешімі бойынша жоғарыда аталған пәндер негізге алынды.

7) ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесін ұйымдастыру (бағаланатын кезеңге жеке оқу жоспарлары мен бағдарламаларының көшірмелері қоса беріледі);

2022-2023 оқу жылында 1 оқушы үйден оқыды. 5 сынып оқушысы Заможный Роман диагнозы: Врожденный кифосколиоз грудного отдела. ВКК қорытындысы №154/1, 27.08.2022ж негізінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығымен (55 қосымша) өзгерістер мен толықтырулар енгізілген оқу жоспарымен білім алды

Заможный Роман

Жылы	Класы	Пәні	Мұғалімі	МЖМБС	Оқу бағдарламасы
2022-2023	5	Қазақ тілі	Молдағали А	ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш, негізгі, жалпы орта білім	ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 8 сәуірдегі № 266 бұйрығымен бекітілген бастауыш білім беретін пәндер
		Әдебиеттік оқу	Молдағали А		
		Орыс тілі	Жұмахан Ш.Б		
		Ағылшын тілі	Сарбаева М.М		
		Математика	Наренова А.Б		
		Жаратылыстану	Куламанова М.Т		

		Қазақстан тарихы Дүние жүзі тарихы	Кожабергенова В.Т	берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» » (2020 жылғы 5 мамырдағы №182 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген)	бойынша үлгілік оқу бағдарламалары
		АКТ	Ешпанова З.С		

8) ЖББ ҰОЖ сәйкес жүзеге асырылатын вариативтік компоненттің факультативтері мен таңдау курстарын іске асыру (бағаланатын кезеңге вариативтік компонент сабақ кестелерінің көшірмелері, сонымен қатар зияткерлік олимпиадалар мен конкурстарға қатысу нәтижелері қоса беріледі);

9-сыныпта үлгілік оқу жоспарының «Жаһандық құзыреттілік» вариативтік компоненті есебінен «Зайырлылық және дінтану негіздері» факультативтік курсы міндетті түрде оқыту үшін аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат бөлінді. Бұл курсты ҚР Білім және ғылым министрінің 15 шілде 2014 жылғы №281 бұйрығымен бекіткен үлгілік оқу бағдарламасы бойынша жүргізілді.

- ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген оқу бағдарламасы бойынша «Абайтану» (9-11 сыныптарда) таңдау курсы оқытылды.

Мектепте вариативті компонент сағаттары қамқоршылық кеңес мүшелері және ата-аналармен бірге өткізілген жиналыстың шешімі бойынша негізгі сабақ кестесіне кіргізіліп, оқытылды

2022-2023 оқу жылында вариативті компонентінен төмендегі курстар енгізілді:

1. Бастауыш білім беру деңгейі бойынша вариативтік компонент сағаттары

1-сынып білім алушылардың математикалық білім, білік, дағдыларын игеру, шығармашылық қабілеттерін арттыру, зейін, есте сақтау ізденуге бейімделу мақсатында «**Сиқырлы сандар**» аптасына 1 сағат жүргізіледі.

2 сынып білім алушыларының тұлғалық қасиеттерін: ақыл ойын, сезімдерін, танымдық және шығармашылық қабілеттерін, ойлау әрекеттерін дамыту, математикалық білім, білік, дағдыларын игерту мақсатында «**Қызықты математика**» аптасына 1 сағат оқытылады.

3-сынып білім алушыларының математикалық білімді игеру, пәнге қызығушылығын арттыру, қисынды ойлауды дамытып, игерілген білімдерін өмірде іс-әрекет барысында қолдана білуге дайындау мақсатында «**Логика әлемі**» аптасына 1 сағат жүргізіледі.

4-сынып білім алушыларының математика пәніне қызығушылығын дамытуға және логикалық ойлауына жағдай жасау мақсатында «**Математикалық сыр сандық**» аптасына 1 сағат оқытылады.

1-4 сыныптарда аптасына 1 сағаттан «**Дене шынықтыру: спорттық ойындар**» (қозғалмалы ойындар, асық ату) курс бөлінген. Бұл курстың сабақтары сауықтыру процесіне және білім алушылардың қозғалыс белсенділігін арттыруға бағытталған.

2. Негізгі орта білім беру деңгейі бойынша вариативтік компонент сағаттары

